

17-20 наурыз аралығында Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған Орыс тілі мен әдебиеті апталығы өтті.

Аптаның Тақырыбы: "Қазіргі әлемдегі тіл экологиясы", біздің заманымыздың ең өзекті тақырыптарының бірі.

Апта аясында университетіміздің әртүрлі факультеттерінің студенттерін біріктірген түрлі конкурстар мен жобалар өткізілді. Іс-шара тиісті деңгейде өтті, барлық студенттер өздерін өте жақсы көрсетті, өз таланттарын, шығармашылық қабілеттерін ашты.

Жалпы командалық жұмыс нәтижелерінің қорытындысы бойынша,

3-орынды жаратылыстану ғылымдары факультетінің командасы иеленді .

2-орынды стоматология факультетінің командасы иеленді.

Жеңімпаз филология факультетінің командасы болды.



Кафедра оқытушысы Г. М. Адамова Дубай қаласында "заманауи педагогикадағы көшбасшылық: жаһандық білім берудегі жаңа

технологиялар, жасанды интеллект " (қазіргі педагогикадағы көшбасшылық: әлемдік білім берудегі жаңа технологиялар, жасанды интеллект) тақырыбында біліктілікті арттырудан өтті.



Халықаралық қатынастар



Академиялық ұтқырлық аясында оқытушылар Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетімен бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша дәріс оқуға келді. Қонақтар өз сапарларын филология факультетінің деканы А. Озтуркпен танысудан бастады, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі С.Б. Бейсембаевамен студенттік ұтқырлық шарттарын талқылады, сондай-ақ магистратура бойынша екі дипломдық білім беру бағдарламасын әзірлеуді жоспарлады. Оқытушылар 1-3 курс студенттерімен академиялық ұтқырлықтың мүмкіндіктері мен болашағы туралы қуана сөйлесті.



Кафедра аға оқытушысы Ошакбаева Ж.Б. ұйымдастыруымен ғылым мен білімнің басым бағыттары бойынша мәселелерді талдау және сараптау, тәжірибе алмасу, отандық және шетелдік ғалымдар мен әдіскерлер арасында ғылыми байланыс орнату мақсатында 2025 жылдың 01 сәуір күні сағат 15:00-18:00 аралығында Университет базасында «ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ» атты ғылыми-әдістемелік семинар өткізді. Қатысушылар докладтарын қорғап, бір-бірімен тәжірибе алмаса алды. Қатысушылар ұйымдастырушыларға қызықты әрі мазмұнды семинар үшін алғыстарын білдірді. Барлық қатысушыларға сертификаттар берілді.



2024-2025 оқу жылына Филология факультеті, Орыс тілі және әдебиеті кафедрасының оқытушылары Бердалиева Рамиля Шаншархановна, Бабаева

Карлыгаш Сабитовна сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 24.03.2025-06.04.2025 күндері аралығында Өзбекстан Республикасы, Чирчик Мемлекеттік педагогикалық университеті білімгерлеріне дәріс оқып, тәжірибе алмасып қайтты.



2025 жылдың 7 сәуірі мен 20 сәуірі аралығында кафедра оқытушылары PhD докторы, аға оқытушы Бейсембаева Салтанат Байғазыновна мен PhD





докторы, аға оқытушы Ошақбаева Жанар Бақтыбаевна Ташкент қаласында болып, академиялық ұтқырлық аясында Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінде дәріс беріп келді.

Оқытушылар тәжірибелерімен бөлісіп, дәрістер оқып қана қоймай, сонымен қатар одан әрі ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізді: 7М01718-Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша магистратура бойынша екі дәрежелі білім беру бағдарламасын ашу.



05.05.2025 ж университеттің Мәдениеттің кіші залында Жеңістің 80 Жылдығына арналған «Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды» атты университетішілік ашық тәрбие сағатын өткізді.

05.05.2025 ж. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Филология факультеті Орыс тілі әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Рысбекова Лаззат Қасымбекқызының университеттің Жаратылыстану, Спорт және өнер, Экономика, Филология, Медицина, Теология мамандықтардың білімгерлерімен бірлесе ұйымдастырылған «Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Ашық тәрбие сағатын ашу үшін сөз Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Әлеуметтік мәдени даму вице-ректоры Төлегенов Еділ Мейірбекұлына берілді. Сондай-ақ ашық тәрбие сағатына деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алимова Ю.Ш қатысып, ашық тәрбие сағатының жастарға берер тәрбиелік мәні бар, Отанын сүюге, оны қадірлей білуге, қорғауға, патриоттық сезімдерін оятуға бірден-бір себеп болғаны жайлы ойын айтты. Осындай өзекті мәселелерді талқылайтын ашық тәрбие сағаттарымыз жалғасын табады деген ойдамыз. Ашық тәрбие сағатының соңында барлық қатысушыларға алғыс білдірілді.



11.04.2025 ж. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, филология факультеті орыс тілі және әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Л.Қ.Рысбековнаның ұйымдастыруымен «Әйелдердің әлемдік ғылымның дамуына қосқан үлесі: жетістіктері, қиындықтары, болашағы» атты Халықаралық ғылыми семинар өткізілді. Семинарымыздың негізгі мақсаты: Әйел ғалымдардың ғылым мен технология саласындағы рөлін талқылау, олардың жетістіктерін насихаттау, кездесетін кедергілерді анықтау және болашақтағы даму мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.



Семинарымызды ашу үшін сөз Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Әлеуметтік мәдени даму вице-ректоры Төлегенов Еділ Мейірбекұлына берілді.

Семинар қонақтары: Матибаева Разия Балтабаевна- Халықаралық ислам академиясының әл-Азхар араб тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Өзбекстан республикасы, Дерия Йурегилли Гөксу- Гази университеті, Педагогикалық Білімдер факультеті, Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кафедрасының доценті, PhD,Туркия мемлекеті, Кенджаева Балнұр Балабекқызы - Халықаралық Туризм және меймандостық университетінің тілдер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, п. ғ. к., Ізғұттынова Рабиға Отарбайқызы- «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының бас маманы, п.ғ.к., Фузайлова Гавхар Сиддиқовна- Халықаралық ислам академиясының Педагогика және психология кафедрасының доценті, п.ғ.к., Өзбекстан республикасы, Куралбаева Алия Ахметқаримовна- Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, PhD, доцент өз баяндамаларында ғылым жолында кездескен қиындықтары, соны жеңу жолындағы қажырлы еңбектері мен алдына қойған мақсаттары жайлы ой бөлісті.

